

*№6 Хромтау гимназиясының химия және биология пәні мұғалімі
Райымбаева Мейрамкул Бектайызқызының «Lesson Study» тәсілімен
өткізген сабағының рефлексивтік есебі*

Мақсатым: әріптесеріммен бірлесіп, сабақтың сапасын жақсарту үдерісі-сабақты жоспарлау, сабақтың жоспарын талқылау, өткізілген сабақты зерттеу, сабақтан кейін талқылау тәсілдерін енгізу, сабақ үдерісінде іске асыру.

Міндеті: оқытуды жақсартуға ұмтылған мұғалімдерді қолдап, «Lesson Study» тәсілімен жұмыс жасайтын әріптестер тобын құру және осы тәсілмен жұмыс жасайтын мұғалімдер жұмысын тарату.

Күтілетін нәтиже: оқытуды жақсартуда үздіксіз ізденетін, сабақ үдерісінде оқушылар іс-әрекетін зерттеу арқылы белгілі бір нәтижеге жетуге бағытталған мұғалімдер тобы қалыптасады, сабақты оқытудың әдіс-тәсілдері жақсарады.

«Lesson Study» тәсілімен бірлесіп, жұмыс жасауға ынта білдірген 9 сыныпқа сабақ беретін әріптестермен бірлесіп топ құрылды.

9 сыныбына сабақ беретін бірнеше пән мұғалімдері бірігіп, бірлесе жұмыс жасауға келістік.

Lesson Study тәсілі-мұғалімдер тәжірибесі аясындағы білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Бұл тәсіл XIX ғасырдың 70-ші жылдарында Жапонияда негізі қаланған. Lesson Study-ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттауды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study-дің циклін өткізген соң мұғалімдер педагогикалық тәсілдерді түрлендіріп немесе жетілдіріп, кейіннен ашық Lesson Study, таныстырылым өткізу, баспада жариялау арқылы әріптестеріне таратады. Қазіргі кезде оқыту әдістемесін жетілдіру, оқушылардың бастауыш және орта мектептегі негізгі пәндер бойынша білім деңгейін арттыру, сондай-ақ тұжырымды педагогикалық тәсілдерді жасау мақсатында Жапониямен қатар Сингапур, Гонконг, Қытай, АҚШ, Ұлыбритания, Швеция және Канадада ойдағыдай қолданылады. (мұғалімге арналған нұсқаулық, 87-бет)

«Lesson Study» байланысты сабағым 9 қазан күні 7 сыныбында биология пәнінен «Сиыр цепені — жалпақ таспа құрттардың өкілі. Оның құрылыс ерекшелігі мен паразиттік тіршілікке бейімділігі.» тақырыбында оқушылардың сабақ үдерісіндегі іс-әрекетін зерттеу сабағы жүргізілді.



Оқыту/оқудағы тәсіл: «Бірлесіп ойлау» мақсатында оқушылар арасында

қарым-қатынасты ынталандыру үшін топтық жұмысты пайдалану. Әріптестеріме зерттеу барысында оқушыларымның өз ойын қалай жеткізетіндерін, фактілермен жұмыс жасай алуы, топпен өзара қарым-қатынасы, сабақ үстіндегі белсенділігін бақылауды ұсындым. Бүкіл сабақ үдерісі бақылаушылар назарында болды.

Бақылаушылар арасында кім қай бақылаудағы оқушыны (оқушыларды) қадағалайтынын келісіп алдық. Lesson Study –ді жоспарлау сызбасы А3 форматына үлкейтіліп топтың әр мүшелеріне берілді және олар оны бақылау барысында түсініктемелерін жазып отырып, талқылау кезінде өз жазбаларына сүйенді. А оқушы: Тіл байлығы жоғарылығын сандар сөйлейді және рефлексия кезінде көрсете білді. Ойын толық жеткізе алды. Сабақ үстінде белсенділік танытты. Топта көшбасшы екендігі көрінді. Топты өзіне қарата білді. Топта ынтымақтастық орнады. Топ мүшелері түгел жұмыстанды, тақырыпты меңгерді.



В оқушы: Терминдерді білген жөн тапсырмасыншапшаң орындады. Сурет құрастыруда белсенділік танытып пікірлерін білдірді. Топта оқушылар топтық жұмысты ынтымақтаса отырып орнады. Тақырыпты меңгерді.



С оқушы: Сурет құрастыруда топта белсенділік танытты. Басқа да оқушылар ойларын ортаға салды. Топ мүшелері бірлесе отырып жұмыстанды. Оның топта жұмыс жасауына көмектесті. Ротация кезінде топтық жұмыста тақтаға

шығып топ мүшелерімен бірге қорғауға үлес қосты. Сөздік қоры аз.



«Қоржыныма салынған білім (чемодан)» стикерлерге жазылып, жапсырылды

- Нені білемін?
- Қандай жаңалық білдім?
- Менің білімім қалай өзгерді (толықты)?



Сабақтан соң Lesson Study тобындағы әріпестеріммен сабақ басында алынған мақсаттарды талқылау отырысы өткізіліп, постермен жұмыс жүргізілді.

Lesson Study тәсілімен мұғалім аңғара бермейтін жайттардың көбін бақылаушылар аңғаратыны анықталды, ал мұндай мұқият бақылау мұғалімге алдағы уақытта нені жасқарту керек екендігіне, ой түйюіне, оқытуды жасқарту үшін алға ұмтылуына себепкер болады.

Lesson Study тәсілімен талқылаған сабақтан жақсартуға қажетті мұғалімнің, оқушының тұстары бейбіт, достық қарым-қатынаста, педагогикалық ынтымақтастық аясында талықланып, ой бөлісті. Мұндай тәсілде кемшілік, сын айтылған жоқ, жағымды түрде достық ақыл-кеңес берілді.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі мектептің білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін жасқарту мәселесін қойып отыр. Оқыту үрдісін жақсартуда Lesson Study тәсілінің де септігі тиері сөзсіз.